



**БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

**24 қыркүйек 2012 жыл**

**Ақтау қ.**

**Ақтаудағы инвестициялық форум**

**«Батыс Қазақстанда жаңа өндірістер құру»**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ: ҚР Маңғыстау, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарында жаңа өндірістерге инвестиция тарту бағдарламасы -аймақ тұрғындарын жұмысқа орналастыру проблемаларының нақты шешімі**

Үстіміздегі жылдың 24-26 қыркүйек аралығында Ақтау қаласында «Батыс Қазақстанда жаңа өндірістер құру» Инвестициялық Форумы өтеді. Форумға 500-ге жуық делегат қатысады, бағдарлама бойынша мәжілістер мен дөңгелек үстел басындағы жиындарда жоғары шенді 10 баяндамашының баяндамасы оқылады, Маңғыстау облысының өндірістік алаңдарына бару жоспарланған.

Форумның құрылтайшысы - KAZENERGY қауымдастығы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В, North Caspian Company және «Теңізшевройл» ЖШС. Форум ҚР Мұнай және газ министрлігінің, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Маңғыстау, Атырау және Батыс Қазақстан облыстары әкімдіктерінің, «Шетел инвесторлары қазақстандық кеңесі» қауымдастығының ресми қолдауымен өткізіледі.

Форум спикерлері қатарына ҚР Мұнай және газ министрі Сауат Мыңбаев, Индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Исекешов, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Гүлшара Әбдіхалықова, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Ляззат Киинов, «Теңізшевройл» ЖШС бас директоры Тим Миллер, NCOC компаниясы басқарушы директорының орынбасары Жақып Марабаев, КПО-ның өндіріс жөніндегі директоры Лука Виньяти, Ұлыбритания парламентіндегі Британ-Қазақстан парламентаралық тобының жетекшісі лорд Уэверли енгізілген.

Делегаттар қатарында сондай-ақ, халықаралық және қазақстандық мұнай компанияларының, жабдықтар шығаратын, сервистік компаниялардың басшылары, сол сияқты шетелдік түрлі сауда-өндірістік палаталар мен қауымдастықтардың өкілдері бар.

Форумның мақсаты Батыс Қазақстан облысы әлеуетін дамыту, ірі мұнайгаз жобалары қажеттігін қамтамасыз ету үшін жаңа өндірістер құру, сондай-ақ аймақ экономикасының басқа салаларының жаңа инвестициялық мүмкіндігін анықтау болып табылады.

Бұл шара жаңа инвестициялық мүмкіндіктерді, жаңа өндірістер құруға, бизнесті кеңейтуге байланысты мәселелерді талқылау үшін, мемлекет тарапынан да, ірі және орта бизнес тарапынан да барлық өкілдердің байланысын жолға қою үшін маңызды алаңға айналады.

Форумның негізгі тақырыбы - Батыс Қазақстандағы болашақ жобалар, инвестициялық ахуал, республиканың батыс аймағында жаңа өндірістік қуаттарды ұйымдастыру жөніндегі мүмкіндіктер, ірі мұнайгаз жобаларының қажеттілігі, перспективалық өндірістердің техникалық ерекшелігі және мұнайгаз компанияларымен ұзақмерзімді ынтымақтастық орнату.

Форум бірқатар алыс мақсатты көздейді, соның ең бастысы жаңа жұмыс орындарын ашу, осы белсенді мұнай және газ аймағының жергілікті тұрғындарын еңбекке орналастыру және кәсіби жағынан дамыту мүмкіндіктерін кеңейте отырып жергілікті

мазмұнды байыту болып табылады. Осы шарада шетел инвесторларының экономиканың өнеркәсіптік секторын инвестициялау жөніндегі нақты жобаларын жүзеге асыру мүмкіндіктері де талқыланады. Әсіресе, мұнайгаз өнеркәсібіне айрықша назар аударылады, дегенмен, ауыл шаруашылығы, туризм, қалпына келтірілген энергия, су тазарту және машина жасау сияқты басқа да бағыттар қаралады.

Жоба KAZENERGY Қауымдастығы мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұлттық мұнай компаниясының инициативасы болып табылады.

ҚМГ Басқарма төрағасы Ляззат Киинов: «Қазақстандық мазмұнды дамыту, шетелдік және қазақстандық әріптестердің қатысуымен жаңа өндірістер құру, мұнай өндіруші аймақ тұрғындарын жұмысқа тарту арқылы біз өзіміздің стратегиялық басымдықтарымызды биіктете түсеміз. Ақтаудағы форум осы бағыттағы үлкен жұмыстардың бір бөлігі. Біздің бұл бастамамызды әріптестеріміз түгел қолдайтынына сенім білдіремін».

Ұлыбритания парламентіндегі Британ-Қазақстан парламентаралық тобының жетекшісі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасының жергілікті мазмұнды дамыту жөніндегі кеңесшісі лорд Уэверли: «Батыс Қазақстан - экономикалық әлеуеті аса зор жаңа және қызықты нарық. Форум кезінде делегаттарға Қазақстан Үкіметінің батыс аймақта экономикалық өсуді ынталандыру қатынастары бойынша көздеп отырған мақсаттары туралы бірқатар баяндамалар жасалып, тұсаукесер шаралар өткізіледі және экономикалық әріптес болуға ұмтылған компаниялар үшін мүмкіндіктер көрсетіледі».

Форумның нақты нәтижелерінің бірі Қазақстанда шетелдік компаниялармен ынтымақтастықты дамытатын мұнайгаз өнеркәсібі мен өндірісі үшін тауар жеткізу жөніндегі озық коммерциялық мүмкіндіктер туралы хабарлама жасау болмақшы. Үкімет мүшелері мен мұнай және машина жасау компаниялары өкілдерінен басқа бұл шараға бизнес өкілдері тарапынан да делегаттар қатысады.

*«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ – Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекеттің мүдделерін білдіретін көмірсутегілерін барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау, жөніндегі қазақстандық ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларының 100%-і «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа тиесілі.*

Баспасөз қызметі	Пресс-служба	Press Office
<b>«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ</b>	<b>Қазақстан, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19</b> тел. +7 (7172) 976277, факс: +7 (7172) 976329 <a href="http://www.kmg.kz">www.kmg.kz</a>	